

FinePower

Пайдаланушының нұсқаулығы

**FinePower GMD421 металл
іздегіші**

Мазмұны

Құрылғының мақсаты	5
Сақтық шаралары.....	5
Техникалық сипаттамалары.....	6
Құрылғының сұлбасы.....	6
Басқару панелі.....	7
Мәзір.....	8
Құрастырым.....	9
Батареяларын орнату.....	10
Құлаққаптарды қолдану.....	10
Пайдалану ережелері және шарттары	11
Құрылғыны үй-жайдың ішінде тестілеу.....	11
Асқын жүктелу туралы ескерту.....	12
Мақсат типтерінің белгішелері.....	13
Құрылғыны үй-жайдан тыс тестілеу.....	13
Тазалау мен күту	14
Жинақталым.....	14
Ықтимал ақаулар және олардың шешімдері	15
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары	16
Қосымша ақпарат.....	16

Құрметті сатып алушы!

Сізге біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біз сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және өндірілген бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын ойластырыңыз және бұйымды одан әрі қолданған кезде нұсқаулықты анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының тағайындалуы

Металл іздегіш металл заттарды іздеуге және табуға арналған. Тауар ПНМБ ВЧ құрылғыларының 1-тобына жатады.

Сақтық шаралары


- Осы құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалардың және, олардың қауіпсіздігі үшін жауапты болатын басқа тұлғалар бақылауды жүзеге асырайтын жағдайларды қоспағанда, физикалық, сенсорлы немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз.
- Құрылғыны пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны кейін қолдану үшін сақтап қойыңыз.
- Бұл құрылғыны тек мақсатына сай пайдаланыңыз.
- Құрылғыны ылғалдың, әртүрлі сұйықтықтардың, сондай-ақ жылу көздерінің әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өз бетіңізше ашпаңыз және бөлшектемеңіз.
- Бұл құрылғыны экстремалды температуралардың және тікелей күн сәулесінің ұзақ әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны құлағаннан кейін, сондай-ақ көзге көрінетін зақымданулары болғанда пайдаланбаңыз, сервистік орталыққа жүгініңіз.
- Құрылғыны өз бетіңізше жөндемеңіз және кез келген басқа түрленімдер жасамаңыз. Ақаулықтар немесе зақымданулар анықталған кезде тек қана сервис орталығының білікті мамандарына жүгініңіз.
- Шамадан тыс ылғалдылық жағдайында құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Біқтимал жарақаттарды және құрылғының зақымдануын болдырмау үшін осы құрылғымен үйлесімді батарея типтерін ғана қолданыңыз.
- Егер Сіз сақтауға алып қоюдың алдында аспапты ұзақ уақыт бойы қолдануды жоспарламасаңыз, батареяны ажыратыңыз.
- Қараудың немесе тазартудың алдында міндетті түрде құралдың өшірулі екендігіне, ал батареяның алынғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғымен абайлап жұмыс істемей, оны құлатып алмаңыз. Құлау басып шығару тақшалары мен құрылғының корпусына зақым келтіруі мүмкін, бұл кейіннен ақауларға әкелуі мүмкін.

- Құрылғыны шаңды және лас жерлерден аулақ ұстаңыз, оны үнемі тазалаңыз, әйтпесе бөлшектердің мерзімінен бұрын тозуы мүмкін.
- Құрылғыдағы ағып кетуге және зақымдануға жол бермеу үшін әрқашан ескі немесе заряды таусылған батареяларды алыңыз.
- Егер Сіз құрылғыны бір апта немесе одан да көп уақыт пайдалануды жоспарламасаңыз, батареяларды алыңыз.

Техникалық сипаттамалары


- Үлгісі: GMD421.
- Анықтау тәсілі: VLF.
- Жұмыс жиіліктерінің ауқымы: 7,5-8 кГц.
- Таратқыштың қуаты 3 мВт.
- Максималды анықтау тереңдігі: 50 см.
- Монеталарды анықтаудың максималды тереңдігі - 25 см.
- Іздеу шарғысының диаметрі: 24 см.
- Іздеу шарғысының түрі: кіндіктес, дөңгелек.
- Кіріктірілген динамик: 40,5 мм.
- Құлаққаптарды қосатын ағытпа: Jack 3,5 мм.
- Дисплейдің жарықтандыруы.
- Батарея зарядының төмен деңгейі туралы ескерту: визуалды.
- Қуат көзі: 2 x 9 "Крона" типінде (жеткізу жиынтығына кірмейді).
- Реттелетін ұзындығы: 970 - 1180 мм.
- Салмағы: 1,3 кг.

Құрылғының тәсімі



- | | |
|--------------------------------|-------------------------|
| 1. Іздеу шарғысы. | 6. Бекіткіш бұрамалар. |
| 2. Шарғы кәбілі. | 7. Бекіткіш батырмалар. |
| 3. Ортаңғы қарнақ. | 8. Бекіту сомыны. |
| 4. Басқару блогы. | 9. Төменгі қарнақ. |
| 5. Жоғарғы (S-тәрізді) қарнақ. | |

Басқару панелі



1. Мақсатты / сезімталдық деңгейін / дыбыс қаттылығын цифрлық көрсету
2. Мәзір.
3. Қуат көзінің батырмасы:
Құрылғыны қосу үшін бір рет басыңыз, құрылғыны өшіру үшін тағы бір рет басыңыз.
4. "MENU" батырмасы:
 - Мәзір теңшеулеріне кіру және құрылғының қажетті жұмыс режимін таңдау, сезімталдық пен дыбыс қаттылығын реттеу үшін "MENU" батырмасын басыңыз.
 - Бұл құрылғы екі жұмыс режимін қамтиды (DISC режимі және NOTCH режимі). Егер Сіз DISC немесе NOTCH режимін таңдағыңыз келсе, мәзір аймағындағы дисплейде DISC немесе NOTCH пайда болғанша "MENU" батырмасын бірнеше рет басыңыз. Дисплейде DISC немесе NOTCH пайда болған кезде, сіз қалаған мақсат ауқымын орната аласыз. Сезімталдық деңгейін немесе дыбыс қаттылығын реттеу үшін дисплейде SENS (сезімталдық) немесе VOLUME (дыбыс қаттылығы) пайда болғанша "MENU" батырмасын басыңыз. Содан кейін қажетті деңгейді орнату үшін "+" немесе "-" батырмасын басыңыз.
5. "PP" (пинпоинт) батырмасы:
Мақсаттың нақты орнын анықтау үшін осы батырманы басып тұрыңыз. Егер іздеу шарғысының астында қалаған нысан табылса, дыбыстық сигнал естіледі.
6. "+" батырмасы:
Сезімталдық деңгейін немесе дыбыс қаттылығын ұлғайту және DISC немесе NOTCH режимінің мақсат ауқымын теңшеу үшін осы батырманы басыңыз.
7. "-" батырмасы:
Сезімталдық деңгейін немесе дыбыс қаттылығын азайту және DISC немесе NOTCH режимінің мақсат ауқымын теңшеу үшін осы батырманы басыңыз.
8. Батарея зарядының индикаторы.
9. Мақсаттың орналасу тереңдігінің индикаторы.
10. Мақсаттың типі.

Мәзір

Мәзір аймағы дисплейдің сол жағында орналасқан. Қалыпты жұмыс кезінде мәзір белсенді емес (жанбайды). Мәзірді көру үшін "MENU" батырмасын басыңыз. "MENU" батырмасын әр басқан сайын мәзірдің келесі тармағына өту орындалады. Таңдалған нұсқа "•" белгісімен жарықтандырылады. Мәзір тармағын таңдағаннан кейін (сезімталдық, дыбыс қаттылығы, DISC режимі, NOTCH режимі) оны "+" және "-" батырмаларының көмегімен теңшеуге болады.

SENS (сезімталдық)

Сіз металл іздегіштің сезімталдығын теңшей аласыз (ауқымы 1-ден бастап 10-ға дейін). Сан неғұрлым жоғары болса, металл іздегіш соғұрлым сезімтал болады. Белгіленген сезімталдық деңгейі пинпоинт (PP) функциясын пайдаланған кезде құрылғының сезімталдығына әсер етпейді.

Егер құрылғы кездейсоқ дыбыстық сигнал шығарса немесе металл заттар танылмай кезде дыбыстық сигнал шығарса, сезімталдықты азайтыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: телефондар, ұялы байланыстың базалық станциялары электромагниттік кедергі жасайды, олардың жанында құрылғы жалған дыбыстық сигналдар шығаруы мүмкін.

VOLUME (дыбыс)

Сіз дыбыс қаттылығын теңшей аласыз (дыбыс қаттылығы 1-ден бастап 10-ға дейін).

DISC (металл тану режимі)

DISC режимінде құрылғы таныған металл түрлерін реттеуге және іздеуден қажетсіз металл түрлерін алып тастауға болады (металдар солдан оңға қарай іздеуден шығарылады). Әдепкі бойынша бұл режимде металдың барлық түрлері анықталады.

"+" батырмасын басқан сайын мақсат түрінің белгішесі жоғалады. Белгіше жоғалған кезде мақсаттың бұл түрі іздеуден шығарылады.

Назар аударыңыз, оң жақта орналасқан мақсаттың 4 түрін іздеуден шығаруға болмайды, өйткені мақсаттың осы 4 түрі күміс немесе басқа да құнды металл заттарды анықтайды.

Қашықтағы элементтер санатын қайтадан іздеуге қосу үшін "-" батырмасын басыңыз, сонда санаттар оңнан солға қайтарылады.

NOTCH (металдарды тану режимі)


NOTCH режимінде іздеуден қаламайтын металл түрлерін де алып тастауға болады, бірақ DISC режимінен айырмашылығы, NOTCH режимі іздеуден мақсаттың жеке түрлерін алып тастауға мүмкіндік береді.

NOTCH режимінде іздеуді қосуға/алып тастауға болатын мақсат түрлері: фольга (FOIL), 5 цент (никель) (5¢), алюминий (ALUM), мырыш (Zn).

Мақсат түрін таңдау үшін "+" немесе "-" батырмасын басыңыз, "+" немесе "-" батырмасын әр басу мақсаттың келесі түріне өтуге мүмкіндік береді және мақсаттың осы түрінің белгішесі 3 секунд ішінде жыпылықтайды (3 секунд әрекетсіздіктен кейін белгіше жыпылықтауды тоқтатады және қалыпты жағдайға оралады). Мақсаттың түрін іздеуден шығару немесе оны қайтадан іздеуге қосу үшін белгіше жыпылықтап тұрғанда «MENU» батырмасын басыңыз. Егер белгіше бұрын жарықтандырылған болса, "MENU" батырмасын басқаннан кейін ол өшеді, бұл іздеу мақсатының осы түрінің алып тасталғанын білдіреді. Бұрын жарықтандырылмаған белгіше "MENU" батырмасын басқаннан кейін жанады, бұл мақсаттың бұл түрі қайтадан іздеуге қосылғанын білдіреді.

Құрастыру

1. Іздеу шарғысының бекіту сомынын бұрап, сомын мен бекіту бұрандамасын алыңыз. Тығырықты төменгі қарнақтың төменгі ұясына салыңыз. Төменгі қарнақты іздеу шарғысындағы ұстағышқа салыңыз және іздеу шарғысы мен қарнақтың тіреуішіндегі тесіктерді туралаңыз. Бекіту бұрандамасын тіреуіш пен қарнақтағы тесіктер арқылы салыңыз, сомынды қатайтыңыз.



2. Ортаңғы қарнақтағы бекіту батырмасын басып, ортаңғы қарнақты жоғарғы жағына (S-тәрізді қарнаққа) салыңыз.
3. Төменгі қарнақтағы бекіту батырмасын басып, төменгі қарнақты ортаңғыға салыңыз.
4. Ортаңғы қарнақтағы бекіткіш сомынды босатыңыз және қарнақтың ұзындығын құрылғыны пайдалану кезінде (металл іздегішті қолыңызда ұстаған кезде) іздеу шарғысы жерден 2,5-5 см жоғары болатындай етіп реттеңіз. Қарнақтың ұзындығын реттегеннен кейін, бекіткіш сомынды қатайтыңыз.
5. Басқару блогын жоғарғы S-тәрізді қарнаққа бекітіп, бекіткіш бұрамаларды мықтап бекітіңіз.

6. Шарғының кәбілін қарнақтың айналасына орап, кәбіл істікшесін басқару блогының алдыңғы жағындағы 5 pin ағытпасына салыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: кәбілді тұғырға еркін орау керек.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Кәбіл істікшесін ағытпаға күшпен салуға тырыспаңыз, әйтпесе ағытпа зақымдануы мүмкін. Егер кәбіл істікшесі іздеу шарғысындағы ағытпаға салынбаса, онда ол дұрыс салынбаған.
- Бұраманы шарғы шайқалмауы немесе дірілдемеуі үшін жеткілікті түрде қатайтыңыз. Іздеу шарғысының бекіткіш бұрамасын тым қатты қатайтпаңыз және оны қатайту үшін атауыз бен басқа құралдарды пайдаланбаңыз.

Батареяларын орнату

ЕСКЕРТПЕ: тек тиісті мөлшердегі және ұсынылған типтегі батареяларды қолданыңыз.

1. Егер құрылғы қосулы болса, құрылғыны өшіру үшін басқару панеліндегі қуат көзінің батырмасын басыңыз.
2. Батареялық бөліктің қақпағын басып, оны көрсеткімен көрсетілген бағытқа жылжытыңыз.
3. Батареяны полярлықты сақтай отырып, бөлікке салыңыз.
4. Қақпақты ашыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: батареялардың қызмет ету мерзімін кіріктірілген динамиктерге қарағанда аз қуат тұтынатын құлаққаптармен ұзартуға болады.

Құлаққаптарды қолдану

- Құлаққапты құрылғыға қосу үшін құлаққаптың 3,5 мм ағытпасын басқару блогының төменгі жағындағы ұяшыққа салыңыз (дыбыс қаттылығын реттегіші бар құлаққапты пайдалану ұсынылады).

ЕСКЕРТПЕ: құлаққапты қосқан кезде құрылғының кіріктірілген динамигі ажыратылады.

- Құлаққапты пайдаланар алдында ең төменгі дыбыс қаттылығын орнатыңыз.
- Сигнал естілгенде, дыбыс қаттылығын жайлы деңгейге реттеңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: дыбыс қаттылығын тым жоғары орнатпаңыз. Жоғары дыбыс қаттылығымен ұзақ тыңдау есту қабілетінің бұзылуына әкелуі мүмкін.


- Дыбыс қаттылығын орнатқаннан кейін оны көбейтпеңіз. Уақыт өте келе құлақтар дыбыс қаттылығының деңгейіне бейімделеді, сондықтан ыңғайлы болып көрінетін дыбыс қаттылығының деңгейі де есту қабілетін зақымдауы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: құлаққап үлгісі сыртқы дыбыстарды естуге мүмкіндік берсе де, жол қозғалысы көп жерлерде жұмыс істеп тұрған кезде құлаққапты кимеңіз.

Пайдалану ережелері және шарттары

Құрылғыны үй-жайдың ішінде тестілеу

- Іздеу шарғысы үстелдің шетіне ілінетін етіп құрылғыны үстелге қойыңыз немесе іздеу шарғысы бар құрылғыны жерден жоғары ұстаңыз.
ЕСКЕРТПЕ: іздеу шарғысын қабырғалардан, еденнен және металл заттардан алыс ұстаңыз.
- Сағаттарды, сақиналар мен әшекейлерді алыңыз.
- Электрмагниттік сәулелену кедергі келтіруі мүмкін шамдарды немесе аспаптарды өшіріңіз.
- Іздеу шарғысын өзіңізге бұрыңыз.
- Құрылғыны қосу үшін қуат көзінің батырмасын басыңыз.



DISC

- Келесі элементтерді іздеу шарғысының үстіне кезекпен орналастырыңыз, құрылғы әр түрлі үндегі дыбыстық сигналдармен жауап береді:
 - Шеге – төмен үн.
 - Никель – орташа үн.
 - Мырыш монетасы – орташа үн.
 - Алтын сақина – құрылғы алтыннан жасалған бұйымдардың көпшілігіне орташа дыбыстық үнмен жауап береді.
 - 10 цент (мыс) – жоғары үн.
 - 25 цент (күміс) – жоғары үн.
- Мәзір аймағындағы дисплейде DISC пайда болғанша "MENU" батырмасын бірнеше рет басыңыз.
- "+" батырмасын бір рет басыңыз. Дисплейдегі темір (IRON) белгішесі сөнеді.
- Іздеу шарғысының үстінен шегемен өткізіңіз. Құрылғы жауап бермейді, өйткені темір іздеуден шығарылды.

NOTCH

- Мәзір аймағындағы дисплейде NOTCH пайда болғанша "MENU" батырмасын бірнеше рет басыңыз.
- "+" батырмасын 2 рет басыңыз. 5 цент белгішесі (5¢) 3 секунд ішінде жыпылықтайды, содан кейін сөнеді. Бұл мақсаттың бұл түрі іздеуден шығарылғанын білдіреді. Металл іздегіш 5 цент монетаға (никель) жауап бермейді. Мырышты (Zn) іздеуден шығару үшін "+" батырмасын 4 рет басыңыз. Мырыш белгішесі (Zn) жыпылықтап, содан кейін сөнеді.

- 5 центтік монетаны (никель монетасы) немесе мырыш монетасын іздеу шарғысының үстінен өткізіңіз. Құрылғы жауап бермейді, өйткені мақсаттың бұл түрлері іздеуден шығарылды.
- Іздеуден мақсат түрін тез алып тастау үшін белгіше жыпылықтаған кезде "MENU" батырмасын басыңыз.
- Мақсат түрін іздеуге қайта қосу үшін мақсат белгішесі жыпылықтай бастау үшін "+" немесе "-" батырмасын басып, "MENU" батырмасын басыңыз.

Пинпоинт

- Пинпоинт ("PP") батырмасын басып, ұстап тұрыңыз. Дисплейде бір сәтке "PP" көрсетіледі.
- Монетаны іздеу шарғысынан жоғары ұстаңыз.
- Монетаны іздеу шарғысына жақындатыңыз, содан кейін монетаны іздеу шарғысынан шығарыңыз.
- Монета жақындап, шарғыдан алыстаған кезде дыбыстық сигнал және мақсаттың орналасу тереңдігінің индикаторы өзгереді.

Сезімталдықты реттеу

- Мәзір аймағындағы дисплейде SENS пайда болғанша "MENU" батырмасын бірнеше рет басыңыз.
- Қажетті сезімталдықты орнату үшін "+" және "-" батырмаларын басыңыз (ауқымы – 1-ден бастап 10-ға дейін). Экранда сезімталдық деңгейі "+" және "-" батырмаларын басу арқылы өзгереді.










Дауыс қаттылығын реттеу

- Мәзір аймағындағы дисплейде VOLUME пайда болғанша "MENU" батырмасын бірнеше рет басыңыз.
- Қажетті дыбыс қаттылығын орнату үшін "+" және "-" батырмаларын басыңыз (ауқымы – 1-ден бастап 10-ға дейін). Экранда дыбыс қаттылығының деңгейі "+" және "-" батырмаларын басу арқылы өзгереді.

Асқын жүктеме туралы ескерту

Егер іздеу аймағында үлкен металл заттар болса немесе іздеу магниттік минералдардың жоғары концентрациясы бар топырақта жүзеге асырылса, құрылғы шамадан тыс жүктеледі және дисплей "- -" белгішесін көрсетеді. Асқын жүктеме туралы ескерту ретінде құрылғы бірнеше орташа дыбыстық сигналдарды шығара бастайды. Асқын жүктеме металл іздегішке зиян тигізбейді, бірақ ол асқын жүктеме жағдайында жұмыс істемейді. Асқын жүктеме кезінде мақсатты алыс қашықтықтан табу үшін іздеу шарғысын жерден жоғары көтеріңіз немесе басқа іздеу аймағына өтіңіз.

Мақсат типтерінің белгішелері

Металл түрілу	Темір	Алтын және басқа металдар				Күміс және мыс			
Мақсат	Темір	Жұқал-тыр	5 цент (никель)	Алю-миний	Мы-рыш	10 цент (мыс)	25 цент	50 цент (күміс)	1 дол-лар (күміс)
Дыбыстық сигнал үні	Темен	Орташа				Жоғары			
Дисплейдегі белгіше	 IRON	 FOIL	 5¢	 ALUM	 ZN	 10¢	 25¢	 50¢	 1\$
Мақсатты цифрлық көрсету	1-19	20-29	30-39	40-49	50-59	60-69	70-79	80-89	90-99

ЕСКЕРТПЕ: көптеген металдар бар және ешқандай мақсат қазылғанға дейін дәл анықталмайды. Бұл кесте тек жалпы танысуға арналған.

Құрылғыны үй-жайдан тыс тестілеу

- Металл заттары жоқ үй-жайдан тыс орынды табыңыз.
 - Құрылғыны тестілеу үшін құрылғының көмегімен тапқыңыз келетін металл затты жерге қойыңыз.
 - Металл іздегішті қосу үшін қуат көзінің батырмасын басыңыз.
 - Іздеу шарғысын жер бетінен 2,5-5 см биіктікте ұстаңыз, іздеу шарғысын металл зат жатқан аймақтың үстінен бір жағынан екінші жаққа жылжытыңыз.
 - Іздеу шарғысын ешқашан маятник қозғалыстарымен жылжытпаңыз. Қозғалыс кезінде іздеу шарғысын бір жақтан екінші жаққа көтеру жалған сигналдарға әкеледі. Іздеу шарғысын 7-8 см доғаның бойымен бір жақтан екінші жаққа жылжыту және іздеу шарғысын жерге параллель ұстау ұсынылады.
- ЕСКЕРТПЕ:** шарғыны баяу жылжытыңыз, әйтпесе Сіз мақсатты өткізіп алуыңыз мүмкін.
- Егер құрылғы металл затты тапса, дыбыстық сигнал естіліп, мақсат түрінің белгішесінің үстінде көрсеткі пайда болады. Сондай-ақ, дисплейде мақсаттың цифрлық мәні және оның орналасқан тереңдігі көрсетіледі. Егер құрылғы затты анықтамаса, дұрыс режим орнатылғанына және ізделінетін металл түрі іздеуден шығарылмағанына көз жеткізіңіз. Сондай-ақ, іздеу шарғысын дұрыс жылжытқаныңызға көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- Жалған сигналдарға бітелген іздеу аймағы, электрмагниттік кедергілер немесе іздеу аймағындағы металл қоқыстардың ірі бөліктері себеп болуы мүмкін.
- Жалған сигналдар әдетте қайталанбайды.

Пинпоинт

Сіз мақсатты тапқаннан кейін, мақсаттың нақты орнын табу үшін сізге пинпоинт функциясын қолдануға болады.

- Пинпоинт функциясын іске қосу үшін "PP" батырмасын басып тұрыңыз.
- Іздеу шарғысы мақсаттың нысананың бүйірінде болатындай етіп іздеу шарғысын жерге жақындатыңыз.
- Іздеу шарғысын мақсатқа қарай баяу жылжытыңыз. Құрылғы дыбыстық сигнал шығарады. Мақсат дыбыстық сигнал ең қатты жерде орналасқан.
- Іздеу аймағын одан әрі тарылту үшін іздеу шарғысының ортасын дыбыстық сигнал ең қатты болған жердің ортасына жақын орналастырыңыз, бірақ дәл ортасынан жоғары емес.
- "PP" батырмасын жіберіңіз.
- Бірден "PP" батырмасын басып тұрыңыз.
- Мақсаттың орналасқан жерін дәлірек анықтау үшін жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.

Тазалау мен күту

Жиналған шаң мен кірден құтылу үшін құрылғыны мезгіл-мезгіл дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ: құрылғыны тазарту үшін қатты химиялық заттарды, тазалағыш еріткіштерді немесе агрессивті жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.

Жинақталым

- Құрылғы.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

Ықтимал ақаулар және олардың шешімдері

Мәселе	Себеп	Шешім
Құрылғы дыбыстық немесе визуалды сигнал шығарады, бұл ретте металл зат табылмады	<ul style="list-style-type: none"> Құрылғы хабар тарату антеннасынан, телефоннан, базалық станциядан және т. б. кедергілерге жауап береді. Қоршаған ортаның тым жоғары ылғалдылығы 	<ul style="list-style-type: none"> Басқа іздеу аймағына өтіңіз Біраз уақыт күтіп, іздеуді жалғастырыңыз
Құрылғы жалған дыбыстық сигналдар шығарады	<ul style="list-style-type: none"> Тым жоғары сезімталдық орнатылған құрылғы электрмагниттік кедергілерге жауап береді Іздеу шарғысы тым тез қозғалады немесе қате бұрышпен қозғалады Бір-біріне жақын жерде 2 металл іздегіш қолданылады 	<ul style="list-style-type: none"> Сезімталдықты азайтыңыз Іздеу шарғысын іздеу аймағында баяу жүргізіп, құрылғыны дұрыс ұстаңыз 2 металл іздегіштің бір-бірінен кемінде 6 метр қашықтықта екеніне көз жеткізіңіз
Металл іздегіш металл заттарды анықтамайды	<ul style="list-style-type: none"> Тым төмен сезімталдық орнатылған Мақсат түрі іздеуден шығарылған Іздеу шарғысы жерге параллель емес 	<ul style="list-style-type: none"> Сезімталдықты көбейтіңіз Мақсаттың барлық түрлерін іздеуге қайта қосыңыз Іздеу шарғысының бұрышын жерге параллель болатындай етіп реттеңіз
Дисплейде мақсаттың бірнеше түрі көрсетіледі\ құрылғы бірден бірнеше дыбыстық сигнал шығарады	<ul style="list-style-type: none"> Құрылғы металл заттардың бірнеше түрін анықтады Құрылғы объектіні анықтай алмады. Кейде тотыққан металл визуалды сигналда және дыбыстық сигналдың үнінде бұрмалануды тудырады 	<ul style="list-style-type: none"> Үлкен тереңдікте орналасқан нысандарды анықтауды болдырмау үшін сезімталдықты азайтыңыз Іздеу шарғысын іздеу аймағында әртүрлі бұрыштармен жүргізіңіз
Құрылғы қосылмайды немесе дыбыстық сигнал шығармайды	<ul style="list-style-type: none"> Кәбіл басқару блогына тығыз қосылмаған Батарея тоғынан ажыратылған 	<ul style="list-style-type: none"> Кәбілді басқару блогына тығыз қосыңыз Батареяны ауыстырыңыз

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5°C бастап 40°C дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз қалдықтарды бақылаусыз шығару және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалану нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына әлеуетті залал келтіруді болдырмауға көмектесесіз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шанхай Твенти Ферст Сенчери Электроник Эквипмент Ко., Лтд.
Гаоши № 2799 тас жолы, Цзядин ауд., Шанхай қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Айрықшаламалар, өнім туралы ақпарат, оның жинақталымы және функционалы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: finerpower.ru

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. v.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойған күні: _____

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету өнімнің пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен істен шыққан, элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың актуалды тізімі: <https://www.dns-shop.ru/technical-support/> мекенжайы бойынша

Кепілдікті міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде санамаланған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (қашықтықтан басқару пульті) арналған қуат көзінің элементтері (батареялар).
- Қосқыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған ұластырғылар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасығыштар, бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (қоса алғанда, бірақ БЖ-мен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Тысқаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждау құрылғылары, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдікті міндеттемелерді өзіне жүктемейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталғанда.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін, сондай-ақ өзінің тікелей арналымына сай келмейтін өзге мақсаттарда қолданылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы басшылығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар) сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан бұйымның иесі және/немесе үшінші тұлғалар шектен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымдану жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған чиптер, жарықтар, деформациялар, соққылар, қиғаштар, кептелістер және т.б.
- Мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілеттігі жоқ адамдардың бөгде түрлендірулері, рұқсатсыз жөндеу іздері бар. Егер ақаулық бұйымның құрылымының немесе сұлбасының өзгеруінен, Өндірушімен қарастырылмаған сыртқы құрылғылардың қосылуынан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақаулығы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи апаттар, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Ақаулық бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелетін, бұйымның ішіне бөгде заттардың, бөтен денелердің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың енуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температурадан туындаған.
- Бұйымды сәйкестендіруі (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен туындаса; БЖ жеткізушісінің осы қызметті ұсынуының болмауына байланысты, бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің, оларды арылту/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жоюмен туындаса.
- Егер жұмыстың ақауларын қуаттандырушы, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің әрекет ету шекарасында немесе желінің әрекет ету аймағынан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар бейстандартты (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат көзінің элементтерін, әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM-карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін контентті алумен, орнатумен және пайдаланумен туындаса (әуендер, графика, бейнетүсірілімдер және басқа файлдар, Java қосымшалары және оған ұқсас бағдарламалар).
- Осы өніммен байланысты жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залал.

